

Ферроқорытпа, отқа төзімді және химиялық өнім саласында Қазақстан мен Ресей кәсіпорындарының арасындағы экономикалық байланыстарды күшейту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 14 мамыр N 223-ө

Ферроқорытпа, отқа төзімді және химиялық өнім саласында Қазақстан мен Ресей кәсіпорындарының арасындағы экономикалық байланыстарды күшейту және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы делегацияларының жұмыстық кездесуінің 1996 жылғы 19 наурыздағы N 37-45/17 хаттамасы шешімін орындау мақсатында:

1. "Қазхром" ұлтаралық компаниясына:

1996 жылы Ресей металлургия кешеніне, химия және мұнай-химия өнеркәсібіне беріліп отырған тізбеге сәйкес 500 мың тонна көлемде сұрыпталған ұсақ хром рудасын беруге 1996 жылдың 20 мамырына дейін контракт жасау;

1996 жылдың 1 шілдесіне дейін:

хром рудасы, ферроқорытпа өндірісі саласында осылардың негізінде интеграцияланған кешен құру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Ресей тарапымен келісілген ұсыныстың жобасын енгізу;

Ресей Федерациясының Металлургия жөніндегі комитетімен ұсақ фракциялық фром рудасын байыту және сықпалау арқылы сұрыпталған тауар өнімін алу мүмкіндігінің жобасы туралы мәселені шешу ұсынылсын.

2. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 14 мамырдағы
N 223 өкіміне
қосымша

Ресей металлургия кешенінің, химия және
мұнай-химия өнеркәсібі кәсіпорындарының
ТІЗБЕСІ

Кәсіпорынның атауы	беру көлемі
мың. тонна	
"Ключевск ферроқорытпа зауыты" АҚ	20,0
"Серовск ферроқорытпа зауыты" АҚ	165,0
"Челябинск ЭМК" АҚ	170,0
"Магнезит комбинаты" АҚ	80,0
"Нижнетагиль меткомбинаты" АҚ	5,0
"Новотроицк хром қоспалары зауыты" АҚ	60,0